




Жүргізілген кеңестер туралы Есеп

тақырыбы: «Тыңайтқыштардың теңгерімдік-есептелген дозаларын пайдалану негізінде мақта және бакша дақылдары өндірісінің тиімділігін арттыру»
«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сақтау» бағыты бойынша

Өткізу күні:
«07» қазан 2023 жыл

Кеңес беру өткізілген орын:
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы,
Достық а.о., «АРАБ-АТА» ШҚ

Эксперт  Амиров Б.М.
(қолы)

«Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ
Топырақтану және агрохимия
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
Басқарма Төрайымы

 Р.Х. Рамазанова
қолы 

Есептің құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері:

Тыңайтқыштар ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылатын өнім болып табылады және жаһандық азық-түлік қауіпсіздігіне, фермерлердің өмір сүруіне және адамның сапалы тамақтануына ықпал етеді.

Соңғы жылдары елімізде ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің «Қолдау» электронды платформасы арқылы фермерді субсидиялау бағдарламасы жүзеге асырылып келеді.

Бірақ осындай жеңілдіктерді пайдалану елімізде Кеңес Одағы кезінде қолданылған тыңайтқыштардың ұсынылған нормалары негізінде қолдану арқылы жүзеге асырылып отыр. Ол кезде бұл нормалар аймақтық тәжірибелер желісінің бірыңғай мемлекеттік бағдарламасы бойынша жүргізілген далалық тәжірибелер негізінде анықталған болатын.

Ол кездері егіс алқаптарының көлемі анағұрлым үлкен және топырақты өңдеу, тыңайтқыштарды енгізу және тағы басқа да агротехникалық шараларды атқару жаппай орталықтандырылған жоспармен жүргізіліп, танаптар тыңайтқыштармен жеткілікті қамтамасыз етіліп отыратын және міндетті түрде егістік зерттеулердің негізінде әр 5 жыл сайын егістік картограммалары дайындалып соның негізінде тыңайтқыш дозалары анықталып барып енгізілетін.

Қазіргі таңда жеке меншік тауарөндірушілердің әлеуеті әрқалай және негізінен төмен болғандықтан топырақ өңдеу мен тыңайтқыштарды енгізуде ғылыми негізделген нақты мөлшерлерімен беру мүмкіндігінен айырылып отыр.

Субсидиялау шеңберінде тауар өндірушілерге тізілімге сәйкес әртүрлі сауда ұйымдары беретін кең ауқымды сипаттамалары бар тыңайтқыштардың көптеген түрлері мен нысандары ұсынылады. Қолданыстағы ұсыныстар мен нормативті есептеулер өткен ғасырдың 60-80 жылдарындағы ескірген тыңайтқыш нормаларына негізделген, олар топырақтағы қоректік заттардың жетімділігін, топырақтың мелиоративтік жай-күйі мен егістіктердің тозу дәрежесін, танаптардың орналасу ерекшеліктері мен рельефін есепке алмайды. Мұндай жағдайда тыңайтқыштардың теңгерімсіз қолданылған дозалары тиімсіз және экологиялық теріс әсерге әкеліп соғады.

Сондықтан мұндай жағдайларда минералды қоректенудің теңгерімсіздігі, соның салдарынан танаптардың өнімділігінің төмендеуі және топырақ пен қоршаған ортаның тыңайтқыштардың қалдық элементтерімен ластану қаупі жоғарылайды.

Бүгінгі таңда әртүрлі топырақ-климаттық аймақтарда тыңайтқыштарды қолданудың жаңа әдістерін әзірлей отырып, топырақ-агрохимиялық жаңа жүйені құру өте өзекті мәселеге айналып отыр.

2) қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары:

Тауар өндірушіге қарастырылып отырған мәселелер төңірегінде кеңейтілген тәжірибелік мәліметтер мен өндірістік дәлелдер арқылы ауқымды сараптамалық ұсынымдар берілді:

Тауар өндірушіге кеңес беру барысында қазіргі заманауи технологияларды қолданудың маңыздылығы, атап айтқанда дәл егіншілікте өсімдіктердің қоректік режимін басқару технологиясында дақыл мен топырақ арасындағы қоректік заттардың динамикасымен үйлесімділігін қамтамасыз ете алатын жаңа тәсілдер қажет екендігі түсіндірілді. Дақылдарды қоректік заттармен қажетті мөлшерде және қажетті уақытта қамтамасыз ету және оларға тән аймақтық және топырақтың өзгергіштігін ескере отырып, өнімділікті, рентабельділікті арттыруға және қоректік заттардың жоғалуын болдырмауға, экологиялық зардаптардың алуға болатындығы түсіндірілді.

Ауылшаруашылық дақылдарының сараланған минералды коректенуге қажеттілігін анықтау үшін аймақтық сипаттағы топырақ пен тыңайтқыштардың коректік заттарын пайдалану ерекшеліктерін білу маңыздылығы атап көрсетілді.

Тәжірибелік деректерді көрсете отырып, қалыптасып отырған ауа-райының жағдайларын, өсірілетін дақылдардың түрі мен жоспарлы өнімнің деңгейін, топырақ құнары мен оның тұздылығын ескере отырып тыңайтқыштардың түрін, формалары мен дозаларын анықтау, оларды қолдану әдістерін және басқа нақты жағдайларды ескерудің маңыздылығы түсіндірілді.

3) өндіріс көлемін ұлғайту/өнімділікті арттыру/шығындарды азайту және т.б. сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже:

Тыңайтқыштардың дозасын оңтайландырудың есептік-теңгерімдік әдістері мақта мен қауын дақылының өнімділігін анағұрлым арттырып, жоспарлы өнімді алуға толық мүмкіндік беретіндігін көрсететін тәжірибелік деректер келтіріліп, дәстүрлі тыңайтқыш нормаларымен салыстырғанда өнімнің өзіндік құны 20-25 пайызға төмендеп, жылжымалы фосфор мен ауыспалы калий мөлшері жоғары топырақтарда фосфор мен калий тыңайтқыштарының мөлшерін 50-100 пайызға дейін үнемдеуге болатындығы көрсетілді.

Тыңайтқыштарды теңгерімді-есептік әдіспен қолданғандағы нақты тәжірибелік деректер келтіріліп, жоспарлы өнімділікті 95-98 пайыз қамтамасыз ететіндігі, ал әр гектардан алынған таза табыс 2-2,5 млн теңгеге көтерілетіндігі түсіндірілді.

Сондықтан, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру жағдайларын және тыңайтқыштардың экономикалық өтелуін ескеретін осындай заманауи кешенді тәсілдерді қолдануға жаппай көшу қажеттілігі атап көрсетілді.

4) Кеңес беруге қатысты фотосуреттер;

